

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
СӘТБАЕВ УНИВЕРСИТЕТІ

Т.К Бәсенов атындағы сәулет және құрылыс институты
Құрылыс және құрылыс материалдары кафедрасы

Саркулова Марина Миранбаевна

Өскемен қаласындағы тоғыз қабатты бизнес – орталық ғимараты

Дипломдық жобаға
ТҮСІНІКТЕМЕЛІК ЖАЗБА

6B07302 – Құрылыс мамандығы

Алматы 2023 ж.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
СӨТБАЕВ УНИВЕРСИТЕТІ

Т.К Бәсенов атындағы сәулет және құрылыс институты

Құрылыс және құрылыс материалдары кафедрасы

ҚОРҒАУҒА ЖІБЕРІЛДІ

Кафедра меңгерушісі

т.ғ.д., қабылдастырылған

профессор

Д.А. Ахметов

«___» _____ 2023 ж.

Дипломдық жобаға
ТҮСІНІКТЕМЕЛІК ЖАЗБА

Тақырыбы: «Өскемен қаласындағы тоғыз қабатты бизнес – орталық ғимараты»

6B07302 – Құрылыс мамандығы

Орындаған:

Саркулова М.М.

Рецензент

«КазГАСА» философия докторы

Молдамуратов Ж.


«29» 05 2023 ж.

Ғылыми жетекші

т.ғ.м., аға оқытушы

Козюкова Н. В.

«___» _____ 2023 ж.



Алматы 2023 ж

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
СӘТБАЕВ УНИВЕРСИТЕТІ

Т.К. Бәсенов атындағы сәулет және құрылыс институты

Құрылыс және құрылыс материалдары кафедрасы

6B07302 – Құрылыс мамандығы

ҚОРҒАУҒА ЖІБЕРІЛДІ

Кафедра меңгерушісі

Т.Ғ.Д., қауымдастырылған

профессор

 Д.А. Ахметов

« _____ » 2023 ж.

**Дипломдық жоба орындауға
ТАПСЫРМА**

Білім алушы Саркулова Марина Миранбаевна

Тақырыбы: «Өскемен қаласындағы тоғыз қабатты бизнес – орталық ғимараты»

Университет ректорының «23» қараша 2022 ж. №408-П\Ө - бұйрығымен
бекітілген.

Аяқталған жобаны тапсыру мерзімі «31» мамыр 2023 ж.

Дипломдық жобаның бастапқы берілістері: Құрылыс ауданы – Өскемен қаласы, ғимараттың конструкциялық жүйесі - қаңқалы, кран жұмыс істейтін аралық-темірбетонды, кран жұмыс істемейтін аралық-металл конструкция ферма, сыртқы қабырға – сэндвич панелі

Дипломдық жобада қарастырылатын мәселелер тізімі:

1. Сәулет-аналитикалық бөлімі: негізгі бастапқы деректер, көлемдік-жоспарлау шешімдері, қоршау конструкцияларының (сыртқы қабырғаның) жылутехникалық есебі, жарықтехникалық есептеу, нұсқаны есептеу фундаменти және салу тереңдігі, энергия тиімділігі бойынша шараларды негіздеу;

2. Есептік-конструктивтік бөлімі: ферма есебі, есептік жүктемелерді анықтау, ферма стержіндерінің қимасын іріктеп алу, ферма түйіндеріндегі жіктерді анықтау;

3. Ұйымдастыру-технологиялық бөлім: технологиялық карталарды әзірлеу, құрылыстың күнтізбелік жоспары және құрылыстың бас жоспары;

4. Экономикалық бөлімі: жергілікті смета, объектілік смета, жиынтық смета;

Сызбалық материалдар тізімі (міндетті сызбалар дәл көрсетілуі тиіс):

1. Ғимараттың қасбеті, қималар, түйіндер, спецификация, жоспар - 5 парақ;

2. Ұстынның арматуралануы, спецификациялар - 1 парақ;

3. Монтаждау жұмыстарының техкартасы, құрылыстың күнтізбелік жоспары, құрылыстық бас жоспар – 3 парақ






Ұсынылатын негізгі әдебиет: 1. ҚР ҚНЖЕ РК 2.04-01-2017 Құрылыс

климатологиясы, 2. ҚР ҚНЖЕ 2.04-107-2013 Құрылыс жылутехникасы

Дипломдық жобаны дайындау
КЕСТЕСІ

№	Бөлем	30%	60%	90%	100%	Ескертпе
1	Сәулет-аналитикалық	23.01.2023г.- 20.02.2023г.				
2	Есептік-конструктивтік		20.02.2023г.- 26.03.2023г.			
3	Ұйымдастыру-технологиялық			27.03.2023г.- 30.04.2023г.		
4	Экономикалық				01.05.2023г.- 07.05.2023г.	
5	Алдын ала қорғау	08.05.2023г.-15.05.2023г.				
6	Антиплагиат, нормобақылау	16.05.2023г.-30.05.2023г.				
7	Сапаны бақылау	18.05.2023г.-30.05.2023г.				
8	Қорғау	31.05.2023г.-10.06.2023г.				

Дипломдық жоба бөлімдерінің кеңесшілері
мен норма бақылаушының аяқталған жобаға
қойған қолтаңбалары

Бөлімдер атауы	Кеңесшілер, аты, әкесінің аты, тегі (ғылыми дәрежесі, атағы)	Қолтаңба қойылған күні	Қолы
Сәулет-аналитикалық	Козюкова Н.В. техн. ғыл. маг,аға оқытушы	20.02.23	
Есептік-конструктивтік	Козюкова Н.В. техн. ғыл. маг,аға оқытушы	26.03.23	
Ұйымдастыру-технологиялық	Козюкова Н.В. техн. ғыл. маг,аға оқытушы	30.04.23	
Экономикалық	Козюкова Н.В. техн. ғыл. маг,аға оқытушы	07.05.23	
Нормобақылау	Халелова А.Қ., т.ғ.м, ассистент	16.05.23	
Сапаны бақылау	Козюкова Н.В. техн. ғыл. маг,аға оқытушы	29.05.23	

Ғылыми жетекшісі
(қолы)

Козюкова Надежда Васильевна

Тапсырманы орындауға
алған білім алушы
(қолы)

Саркулова Марина
Миранбаевна

Күні

«__»_____2023 ж.

АНДАТПА

Дипломдық жұмыстың тақырыбы: Өскемен қаласындағы тоғыз қабатты бизнес орталық ғимараты.

Бизнес орталығы - бұл әртүрлі компаниялар мен кәсіпкерлердің қажеттіліктерін қанағаттандыруға арналған заманауи коммерциялық ғимарат.

Бұл жобада ғимараттың физикалық орналасуын және оның негізгі сипаттамаларын, соның ішінде қабаттар санын сипаттайды. Тоғыз қабатты бизнес-орталық заманауи инфрақұрылыммен және іскерлік қызметті табысты жүргізу үшін қажетті жабдықтармен жабдықталған кең кеңсе кеңістігін ұсынады.

Дипломдық жұмыстың бөлімдері:

- Сәулет - құрылыстық бөлім;
- Есептік-конструктивтік бөлім;
- Ұйымдастыру-технологиялық бөлім;
- Экономикалық бөлім;

Әр бөлім белгілі бір бөлімшелерден тұрады. Яғни әр бөлімшелерде таңдалынған объектінің сипаттамалары беріледі.

Архитектуралық талдау бөлімі REVIT бағдарламасы арқылы жасалынды, ал есептік-конструктивтік бөлімді орындау барысында ЛИРА-САПР 2016 бағдарламалары қолданылды. Ал экономикалық бөлімі ABC – 4 бағдарламасында есептелді.

АННОТАЦИЯ

Тема дипломной работы: Девяти этажный бизнес центр в г.Усть - Каменогорск.

Бизнес-центр представляет собой современное коммерческое здание, разработанное для удовлетворения потребностей различных компаний и предпринимателей.

В данном дипломном проекте описывается физическое расположение здания и его основные характеристики, включая количество этажей.

Девятиэтажный бизнес-центр предлагает просторные офисные помещения, оснащенные современной инфраструктурой и оборудованием, необходимым для успешного ведения деловой деятельности.

Разделы дипломного проекта:

- Архитектурно - строительный раздел;
- Расчетно-конструктивный раздел;
- Организационно-технологический раздел;
- Экономический раздел;

Каждый раздел состоит из определенных подразделов. То есть, в каждом подразделе даны характеристики выбранного объекта.

При выполнении архитектурного раздела использовалась программа REVIT, для расчетно-конструктивной части использовались программа ЛИРА-САПР. А экономическая часть проекта была рассчитана в программе ABC - 4.

ANNOTATION

Theme of the thesis: Nine floor business center in Oskemen.

This thesis project describes the physical location of the building and its main characteristics, including the number of floors.

The nine-storey business center offers spacious office premises equipped with modern infrastructure and equipment necessary for successful business activities.

Sections of the graduation project:

- Architectural and construction section;
- Settlement and design section;
- Organizational and technological section;
- Economic section;

Each section is divided into specific subsections. That is, in each subsection, the characteristics of the selected object are given.

When performing the architectural section, the REVIT program was used, for the design and construction part, the LIRA-SAPR program was used. And the economic part of the project was calculated in the ABC - 4 program.

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ	10
1 Сәулет - құрылыстық бөлімі	11
1.1 Негізгі бастапқы деректер. Климаттық жағдайлар	11
1.2 Көлемдік-жоспарлау шешімдері	12
1.3 Сәулеттік конструктивтік шешімдері	13
1.4 Құрылыстың инженерлік-геологиялық шарттарын талдау	13
1.5 Қоршау конструкцияларының жылутехникалық есебі	13
1.5.1 Сыртқы қабырғаның жылутехникалық есебі	13
1.5.2 Жабын конструкцияларының жылутехникалық есебі	15
1.6 Инженерлік жүйелер мен желілер	16
1.7 Ғимараттың энергия тиімділігі	16
1.8 Іргетастың нұсқалары мен тереңдігі	17
2 Есептік-конструктивтік бөлімі	18
2.1 Жүктемелерді жинақтау	18
2.2 Уақытша жүктемелер	20
2.3 Қар жүктемесін анықтау	22
2.4 Жел жүктемесін анықтау	23
2.5 Сейсмикалық жүктеме	26
2.6 Конструкцияны арматуралау	30
2.6.1 Арқалықтың есебі	30
2.6.2 Көлденең арматураны есептеу	32
2.6.3 Ұстынды арматуралау	34
3 Ұйымдастыру-технологиялық бөлімі	39
3.1 Жұмыс көлемін анықтау	39
3.2 Уақытша қоршау құрылысы	39
3.3 Өсімдік қабатын кесу	40
3.4 Шұңқырдағы топырақтың және шұңқырға шығатын траншеяның дамуы	41
3.5 Топырақ тапшылығының дамуы	41
3.6 Іргетасқа бетон дайындау құрылысы	42
3.7 Арматураны монтаждау	42
3.8 Қалыптарды орнату	43
3.9 Іргетастарды бетондау	43
3.10 Қалыптарды алып тастау. Іргетастың гидроизоляциясы	44
3.11 Қайта толтыру	44
3.12 Топырақтың тығыздалуы	45
3.13 Территорияны түпкілікті жоспарлау	45
3.14 Уақытша қоршауды бөлшектеу	46
3.15 Жер жұмыстарын өңдеуге арналған машиналар мен механизмдер	46
таңдау	
3.16 Экскаватор таңдау	47
3.17 Көлік құралдарын таңдау қазаншұңқырды игеруге арналған мен	50

траншеяларды	
3.18 Монтаждау крандарын таңдау	52
3.19 Еңбек сыйымдылығын анықтау және еңбек шығындарын есептеу	56
3.20 Машина уақытының, еңбек және жалақы шығындарының калькуляциясы	61
3.21 Қауіпсіздік техникасы бойынша іс шаруалар	64
3.22 Ұйымдастырушылық бөлім	65
3.22.1 Құрылыс алаңының энергия тұтынуы	66
3.22.2 Құрылыс алаңын жарықтандыруды есептеу	67
3.22.3 Сақтау алаңдарының қажеттіліктерін есептеу	67
3.22.4 Сумен жабдықтау қажеттілігін есептеу	68
3.22.5 Құрылыс алаңына уақытша су беруді есептеу	68
4 Экономикалық бөлім	70
Қорытынды	71
Пайдаланылған әдебиеттер тізімі	72
А Қосымшасы	73
Б Қосымшасы	88

КІРІСПЕ

Қазақстан Республикасы даму барысында шағын және орта кәсіпкерлік көбейіп жатыр. Жеке кәсіпкерліктің пайда болуы біздің қоғамдағы әлеуметтік-экономикалық өзгерістер әкеліп ғана қоймай, сәулет объектілерінің құрылысына себеп болды.

Қазіргі таңда бұл бағытта мемлекеттік бастамалар және қолдау шаралары қолға алынған. Мысалы, белгілі бір кәсіпті ашқыңыз келсе, сізге мемлекеттен дамыту бағдарламасы, тегін оқу, белгілі бір қаржы қарастырылған.

Мемлекеттен қолдау көрсету барысында кәсіп таңдау – өте маңызды болып табылады. Осыған орай, мемлекет ғимараттарының қатарына - бизнес орталықтар салынуда. Себебі, бизнес орталықтар жеке кәсіпкерлер және үлкен компаниялар үшін өте маңызды роль атқарады.


Болашақта бизнес орталықтарының қатары толатынына сенімдімін. Себебі, әрбір салынған бизнес орталықтар кәсіпкерлерге жұмысын жүргізіп қана қоймай, қаланың архитектурасына өз үлесін қосады.

1 Сәулеттік – құрылыстық бөлім

1.1 Негізгі бастапқы деректер. Климаттық жағдайлар

Дипломдық жұмыс объектісінің аумағы Өскемен қаласындағы Строителей көшесінде орналасқан. Құрылыс алаңы 97,3 м x 52,5 м, ауданы 3727,65 м² болып келеді. Негізгі ғимарат қасбеті оңтүстік батысқа қарайды.

Бизнес орталыққа сай кәсіпкерлерге арналған көлік тұрағы, жаяу жүргіншілер жолы көрсетілген. Сондай-ақ бас жоспарда схемалық түрде көгаландыру бейнеленген.



1.1 Сурет – Бас жоспар

Құрылыс ауданы: Өскемен қаласы

Климаттық аудан – I

Жел ауданы – III

Қар ауданы – III

Негізге түсетін қар жүктемесі – 1,8 кПа

Негізге түсетін жел жүктемесі – 0,56 кПа

Ең суық айлық орташа температура - 28 °С


Ең жылы айлық орташа температура +21 °С

Құрылыс алаңының сейсмикалық әсері – 3 бал

Топырақ қабаттың тоңазу тереңдігі – 200 см

1.1 Кесте - Техникалық-экономикалық көрсеткіштер

№	Атауы	Өлшем бірлігі	Саны
1	Ғимараттың максималды биіктігі	м	36.9
2	Қабат		9+1 тех.қ
3	Ғимараттың жалпы ауданы	м ²	41000
4	Ғимараттың жалпы жер асты ауданы	м ²	7455.3
5	Ғимараттың жалпы жер үсті ауданы	м ²	33600
6	Ғимарат периметрі	м	248.2



1.2 – Сурет Өскемен қаласының раушан желі

1.2 – Кесте Жел раушанын есептеу кестесі

С	С-Ш	Ш	О-Ш	О	О-Б	Б	С-Б
12,3%	3,9%	10,1%	15,9%	8,2%	8,9%	17,4%	23,5%

Топырақ түрі – құмды.

Құмды топырақтың физико-механикалық қасиеттері:

$$E = 2000 \text{ т/м}^2$$

$$\gamma = 1,5 \text{ т/м}^3$$

$$\varphi = 00 \text{ град.}$$

$$c = 0$$

1.2 Көлемдік-жоспарлық шешімдері

Бизнес орталық жоспарда келесі өлшемдерге ие: ұзындығы – 93,4 м, ені 52,5 м. Ғимарат ені 6 метрден 5 аралыққа, 1,5 метрден 2 аралыққа, 1,65 метрден 1 аралыққа және 4 метрден 1 аралыққа бөлінген.

1.3 Сәулеттік конструктивтік шешімдері

Ғимарат іргетасы плиталы іргетас қалыңдығы 1100 мм.(құрылыс алаңындағы топырақ түрі-құмдақ болғандықтан).

Ғимараттың конструктивтік жүйесі - темірбетон қаңқалы.

Сыртқы қабырғалар – газоблок темірбетон панелі.

Ішкі қабырғалар гипсокартоннан тұрады.

Жарық фонарьлары – зениттік шамдар поликарбонатты панелі.

Ұстын қимасы – 500 x 500.

1-ші қабат биіктігі – 4,5 м, жертөле биіктігі – 3,5 м, 2-9-шы қабат биіктігі – 3,6 м.

Терезелер витраждалынған;

Есіктер - сыртқы ГОСТ 24689-2002 бойынша, ішкі ГОСТ 6629- 2002 бойынша;

Төбе жабындысы - жазық шатыр - 0° уклон.

1.4 Құрылыстың инженерлік-геологиялық шарттарын талдау

Құрылыс алаңы Строителей көшесінің бойында орналасқан. Мұндағы топырақтың негізгі бөлігін құмды топырақ құрайды. Өскеменде орташа өлшемді, ірі және қиыршық тасты құмдар үшін топырақтың қату тереңдігі - 2,33 м.

Топырақтың қатуының нормативті тереңдігін білу негізі сәулет-құрылыс жобалау және ғимараттар мен инженерлік желілерді салу жұмыстарын орындау үшін қажет.

1.5 Қоршау конструкцияларының жылутехникалық есебі

1.5.1 Сыртқы қабырғаның жылутехникалық есебі

Қоршау конструкциясының жылу техникалық есебін ҚР ЕЖ 2.04-107-2013 “Құрылыстық жылу техникасы” құжаты бойынша шығарамыз.

1.3 Кесте - Сыртқы қабырғаның құрылымы

Қабырға қабаттары	Қабат қалыңдығы δ , м	Материалдардың жылу сіңіргіштігі S , \ Вт (м°С)	Материалдардың жылу өткізгіштігі λ , \ Вт (м°С)
Кірпіш	0,41	0,68	0,56
Минералды мақта	0,05	3,6	0,75

1.3 Кестенің жалғасы

Штукатурка	0,02	4,3	0,23
Сыртын қаптауға арналған кірпіш	0,12	0,79	0,44

Қоршау конструкциясының жылу беруіне қажетті кедергі:

$$R_0^{\text{тр}} = \frac{(t_B - t_H)n}{\alpha_B \Delta t^H} = \frac{(14 - (-28)) \cdot 1}{6 \cdot 8,72} = 0,80$$

мұндағы:

t_B - бөлменің ішіндегі ауа температурасы;

t_H - қыстық күнгі сыртқы ауа температурасы;

n - сыртқы бет жағдайына қатысты коэффициент;

α_B - қоршау конструкциясының жылу өткізгіштік коэффициенті ;

Δt^H - нормативті температура ауытқуы;

Жылу инерциясын анықтау:

$$D = R_1 \cdot S_1 + R_2 \cdot S_2 + R_3 \cdot S_3 + R_4 \cdot S_4 = 0,73 \cdot 17,3 + 0,0067 \cdot 16,7 + 0,08 \cdot 7 + 0,28 \cdot 9 = 15,82$$

мұндағы:

S_1, S_2 – материалдардың жылуды сіңіргіштік коэффициенттерін кестеден қабылдаймыз;

R_1, R_2 – жекелеген қабаттардың термикалық кедергісі мына формула бойынша анықталады:

$$R_1 = \frac{\delta}{\lambda} = \frac{0,41}{0,56} = 0,73$$

$$R_2 = \frac{\delta}{\lambda} = \frac{0,05}{0,75} = 0,0067$$

$$R_3 = \frac{\delta}{\lambda} = \frac{0,02}{0,23} = 0,08$$

$$R_4 = \frac{\delta}{\lambda} = \frac{0,12}{0,43} = 0,28$$

мұндағы:

δ – қоршау конструкциясының қалыңдығы;

λ – жылу өткізу коэффициенті

Жылу берілісінің кедергісін анықтаймыз:

$$R_0 = \frac{1}{\alpha_B} + R_K + \frac{1}{H} = \frac{1}{9,35} + 1,5 + \frac{1}{24,6} = 1,64$$

мұндағы: α_B – 3-кестеден қабылданатын қабырға конструкцияларының ішкі бетінің өткізгіштік коэффициенті;

α_H –кестеден қабылданған қабырға конструкциясының сыртқы бетінің жылу өткізгіштік коэффициенті;

R_K – (3.4.2) қабырға конструкциясының термикалық кедергісі.

$$R_K = R_1 + R_2 + \dots + R = 1.09$$

$$R_0 \geq R_0^{TP}$$

$$1,64 \geq 0,86$$

Қорытынды:

Темірбетон қабырғасының қалыңдығы қабылданады $S=500$ мм.

Қабылданған сыртқы қабырғаларының құрылымы талаптарға сәйкес.

1.5.2 Жабын конструкциясының жылу техникалық есебі

1.4 Кесте - Жабын конструкцияларының құрылымы

Қабырға қабаттары	Қабат қалыңдығы δ , м	Материалдардың жылу сіңіргіштігі S , \ Вт (м°С)	Материалдардың жылу өткізгіштігі λ , \ Вт (м°С)
Ламинат тақтасы	0,01	0,79	0,94
Ламинатқа арналған төсеніш	0,003	4,1	0,46
Цементтік құймалы қабаты	0,06	6,5	0,34
Минералды мақта	0,05	0,96	0,67

Қоршау конструкциясының жылу беруіне қажетті кедергі:

$$R_0^{TP} = \frac{(t_B - t_H) \cdot n}{\alpha_B \Delta t_H} = \frac{(14 - (-28)) \cdot 1}{6 \cdot 8,72} = 0,80$$

Жылу инерциясын анықтау:

$$D = R_1 \cdot S_1 + R_2 \cdot S_2 + R_3 \cdot S_3 + R_4 \cdot S_4 = 0,73 \cdot 17,3 + 0,0067 \cdot 16,7 + 0,08 \cdot 7 + 0,28 \cdot 9 = 15,82$$

мұндағы:

S_1, S_2 – материалдардың жылуды сіңіргіштік коэффициенттерін кестеден қабылдаймыз;

R_1, R_2 – жекелеген қабаттардың термикалық кедергісі мына формула бойынша анықталады:

$$R_1 = \frac{\delta}{\lambda} = \frac{0,01}{0,94} = 0,01$$

$$R_2 = \frac{\delta}{\lambda} = \frac{0,003}{0,46} = 0,0065$$

$$R_3 = \frac{\delta}{\lambda} = \frac{0,06}{0,34} = 0,17$$

$$R_4 = \frac{\delta}{\lambda} = \frac{0,05}{0,67} = 0,074$$

мұндағы:

δ – қоршау конструкциясының қалыңдығы;

λ – жылу өткізу коэффициенті

Жылу берілісінің кедергісін анықтаймыз:

$$R_0 = \frac{1}{\alpha_B} + R_K + \frac{1}{H} = \frac{1}{9,35} + 1,5 + \frac{1}{24,6} = 1,64$$

мұндағы: α_B – 3-кестеден қабылданатын қабырға конструкцияларының ішкі бетінің өткізгіштік коэффициенті;

α_H – кестеден қабылданған қабырға конструкциясының сыртқы бетінің жылу өткізгіштік коэффициенті;

R_K – (3.4.2) қабырға конструкциясының термикалық кедергісі.

$$R_K = R_1 + R_2 + \dots + R = 1,09$$

$$R_0 \geq R_0^{TP}$$

$$0,92 \geq 0,86$$

Қорытынды:

Қабылданған жабын конструкциясының құрылымы талаптарға сәйкес.

1.6 Инженерлік жүйелер мен желілер

Ғимаратта қарастырылған инженерлік жүйелер: ыстық сумен, суық сумен қамту, кәріз, канализация, орталықтандырылған жылу, электр желілері, бейнебақылау жүйелері, желдету, сондай-ақ ауаны баптау жүйелерін орнату үшін қарастырылған газ құбыры.

Сонымен қатар лифт шахталарының жанында вертикальды коммуникацияларға арналған техникалық кеңістіктер орналасқан. Бұдан бөлек, көлденең инженерлік желілер үшін төбелер мен едендер арасында арнайы бос орындар қарастырылған.

Сондай – ақ, жертөле қабатында көлік тұрағы болғандықтан, арнайы электрлік көліктерді зарядтау станцияларының желісі орнатылған.

1.7 Ғимараттың энергия тиімділігі

Ең алдымен, күндізгі табиғи жарықтың жоғары деңгейі электр энергиясын айтарлықтай үнемдеуге мүмкіндік береді, сонымен қатар күндізгі жарықта

жұмыс істеу әлдеқайда ыңғайлы. Қасбетті шынылау әйнек пен жоғары сапалы профильді жүйелердің жоғары берік түрлерін қолдану арқылы жүзеге асырылады, бұл заманауи орнату технологияларымен бірге кез келген табиғи құбылыстарға төзімді сенімді құрылымдарды жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

1.8 Іргетастың нұсқалары мен тереңдігі

Бұл ғимарат типі үшін плиталы іргетастар жиі пайдаланылады, олардан басқа іргетас түрлерімен салыстырғанда тиімділігіне байланысты мыналарды да қолдануға болады: қадалы іргетас ретінде, қолайсыз топырақ жағдайлары бар құрылысқа жарамды. Жүктеме беретін аумақтың сейсмикалық болуына байланысты плита тәрізді іргетас жақсырақ болады.

Біріншіден, біз 1850 мм-ге тең пластинаның қалыңдығын аламыз. Біз формула бойынша қажетті ең төменгі іргетас тереңдігін есептейміз:

$$d = d_0 \times \sqrt{\sum i = 1 M_i} = 0,3 \times \sqrt{15,8 + 14,6 + 7,6} = 1,85$$

мұндағы: d_0 – топырақ түріне байланысты, құмды топырақ үшін 0,3 м-ге тең;
 $\sum i = 1 M_i$ – теріс температуралардың орташа жылдық қосындысы

2 Есептік-конструктивтік бөлімі

2.1 Жүктемелерді жинақтау

Жұмыстың бастапқы мәліметтері:

Ғимарат түрі – бизнес орталық. Ғимарат ішіндегі ұстындар қимасы 5 х 5 м., ал ғимарат өлшемі 97,3 х 52,5 м. 1-ші қабат биіктігі - 4,24 м, қалған қабат биіктіктері - 3,34 м. Жалпы қабат саны – 9. 2 қабат жерасты автомобиль тұрағы бар, биіктігі 3,24 м.

- Құрылыс ауданының сейсмикалығы - 3 балл.
 - Сейсмикалық қасиеттері бойынша топырақ санаты - III
 - Қар жамылғысының салмағының нормативтік мәні - 80 кг/м²
 - Жел қысымының нормативтік мәні - 0,56 кПа.
- Бетон класы С25/30. Элементтерге келесі қатаңдықтар берілді:

2.1 Кесте - Плитаға жүктемелерді жинау

Жүктеме түрі	Өлшем бірлігі	Сипаттамалық жүктеме
Тұрақты: Ламинат тақтасы $\delta=10\text{мм}$, $\rho=4,5\text{кН/м}^3$	кН/м ²	$0,010 \cdot 4,5=0,045$
Ламинатқа арналған төсеніш $\delta=3\text{мм}$, $\rho=0,45\text{кН/м}^3$	кН/м ²	$0,003 \cdot 0,45=0,00135$
Арматурасы жоқ цементтік құймалы қабаты(стяжка) $\delta=60\text{мм}$, $\rho=24\text{кН/м}^3$	кН/м ²	$0,06 \cdot 24=1,44$
Минералды мақта $\delta=50\text{мм}$, $\rho=40\text{кН/м}^3$	кН/м ²	$0,05 \cdot 40=2$
Барлығы:	кН/м ²	3,5

2.2 Кесте - Төбежабынға жүктемелер жинау

Жүктеме түрі	Өлшем бірлігі	Сипаттамалық жүктеме
Тұрақты: Ұнтақталған ЭКП техноеласт қабаты, $\delta=42\text{ мм}$ ($\rho=450\text{ кг/м}^3$)	кН/м ²	0,189
Ұнтақталынбаған ЭПП техноэласт қабаты, $\delta=40\text{мм}$ ($\rho=350\text{ кг/м}^3$)	кН/м ²	0,14

2.2 Кестенің жалғасы

Праймерді төсеу, $\delta=20\text{мм}$ ($\rho=930\text{ кг/м}^3$)	кН/м ²	0,186
Цементті құм қабаты, $\delta=60\text{мм}$ ($\rho=17,64\text{ кН/м}^3$)	кН/м ²	1,0584
Гофр профнастил оқшаулаумен толтыру, $\delta=30\text{мм}$, ($\rho=200\text{ кг/м}^3$)	кН/м ²	0,06
Профнастил, $\delta=60\text{мм}$, ($\rho=275\text{ кг/м}^3$)	кН/м ²	0,165
Ауа қабаты, $\delta=100\text{мм}$, ($\rho=275\text{ кг/м}^3$)	кН/м ²	0,275
ТехноРуф оқшаулау, $\delta=150\text{мм}$ ($\rho=150\text{ кг/м}^3$)	кН/м ²	0,225
Техноэласта 1 қабат, $\delta=4\text{мм}$, ($\rho=350\text{ кг/м}^3$)	кН/м ²	0,014
Темірбетонды еден плитасы, $\delta=160\text{мм}$, ($\rho=2000\text{ кг/м}^3$)	кН/м ²	3,2
Барлығы:		5,51

2.3 Кесте -Жертөлеге түсетін жүктемелер жинау:

Жүктеме түрі	Өлшем бірлігі	Сипаттамалық жүктеме
Тұрақты: Суоқшаулау қабаты(битум) $\delta=10\text{мм}$, $\rho=13,72\text{кН/м}^3$	кН/м ²	$0,010 \cdot 13,72=0,137$
Пенополистерол $\delta=100\text{мм}$, $\rho=0,392\text{кН/м}^3$	кН/м ²	$0,1 \cdot 0,392=0,0392$

2.3 Кестенің жалғасы

Цементті-құм құйма қабаты (стяжка) $\delta=50\text{мм}$, $\rho=17,64\text{кН/м}^3$	кН/м^2	$0,05 \cdot 17,64 = 0,882$
Барлығы:	кН/м^2	1,06

2.2 Уақытша жүктемелер

Төбежабынға/аражабынға түсетін уақытша жүктеме. ҚР EN 1991-1-1:2002 «Көтергіш конструкцияларға әсерлер» нормативтік құжат 6.2-кесте бойынша ғимаратты қолдану категориясы-С2 (адамдардың шоғырлану (жиналыс) аймақтары) сәйкес уақытша жүктеме мәні:

2.4 Кесте-Ғимарат категориясына байланысты берілетін уақытша жүктемелер

EN1991 бойынша уақытша жүктеме	
баспалдақ	3 кН/м^2

Ғимараттың барлық қабаттары адамдардың шоғырлану (жиналыс) аймақтары болатындықтан С2 категориясын да қарастырамыз. ҚР EN 1991-1-1:2002 «Көтергіш конструкцияларға әсерлер» нормативтік құжат 6.2-кесте бойынша ғимаратты қолдану категориясы-С2 сәйкес уақытша жүктеме мәні 3 кН/м^2 .

2.5 Кесте- Қабырға құрылымы

Жүктеме түрі	Өлшем бірлігі	Сипаттамалық жүктеме
Сыртқы қабырғалар(самонесущие стены)		
Кірпіш $\delta=410\text{мм}$ $h=3,6$ ($\rho=1800\text{ кг/м}^3$)	кН/м	$0,41 \cdot 18 \cdot 3,6 = 26,5$
Минералды мақта блоктары $\delta=50\text{мм}$ $h=3,6$ ($\rho=35\text{ кг/м}^3$)	кН/м	$0,05 \cdot 0,35 \cdot 3,6 = 0,063$
Штукатурка $\delta=20\text{мм}$ $h=3,6$ ($\rho=1700\text{ кг/м}^3$)	кН/м	$0,02 \cdot 17 \cdot 3,6 = 1,224$
Сыртын қаптауға арналған кірпіш $\delta=120\text{мм}$ $h=3,6$ ($\rho=1800\text{ кг/м}^3$)	кН/м	$0,12 \cdot 18 \cdot 3,6 = 7,77$
Барлығы:	кН/м	35,5

2.5 Кестенің жалғасы

1-ші қабат үшін	кН/м	44,5
Жертөле үшін	кН/м	34,6
Бөлгіш қабырғалар(перегородки)		
Гипсокартон $\delta=12,5\text{мм}, h=3,6$ ($\rho=600 \text{ кг/м}^3$)	кН/м	$0,0125 \cdot 60 \cdot 3,6=2,7$
Дыбыс оқшаулау қабаты $\delta=75\text{мм}, h=3,6$ ($\rho=14 \text{ кг/м}^3$)	кН/м	$0,075 \cdot 0,14 \cdot 3,6=0,037$
Гипсокартон $\delta=12,5\text{мм} h=3,6$ ($\rho=600 \text{ кг/м}^3$)	кН/м	$0,0125 \cdot 60 \cdot 3,6=2,7$
Барлығы:	кН/м	5,43
1-ші қабат үшін	кН/м	6,8
Жертөле үшін	кН/м	5,23

2.6 Кесте-Топырақтан түсетін қысымның сипаттамасы

Топырақтан түсетін горизонтальды қысым	Сипаттамасы
Құмды топырақ	$E = 2000 \text{ т/м}^2$
	$\gamma = 1,5 \text{ т/м}^3$
	$\varphi = 00 \text{ град.}$
	$c = 0$
Есеп	
Белгідегі жердегі белсенді қысымның көлденең қарқындылығы – 7 және 3,5	
Еденге қатысты жердің деңгейі -0.600	
$\sigma_r = \gamma H \lambda_r = \gamma H \cdot tg^2 \left(45 - \frac{\varphi}{2} \right) = 1,5 \cdot 7 \cdot tg^2 \left(45 - \frac{40}{2} \right)$ $= 2,11 \text{ т/м}^2 = 20,7 \text{ кН/м}^2$ $\sigma_r = \gamma H \lambda_r = \gamma H \cdot tg^2 \left(45 - \frac{\varphi}{2} \right) = 1,5 \cdot 3,5 \cdot tg^2 \left(45 - \frac{40}{2} \right)$ $= 1,05 \text{ т/м}^2 = 10,3 \text{ кН/м}^2$	

2.3 Қар жүктемесін анықтау

Жабынға қар жүктемелері келесі түрде анықталады (ҚР ЕЖ EN 1991-1-3:2003/2011 «Ғимараттарға әсер ету және жүктемелер: 1-3 бөлім. Қар жүктемелері» бойынша 4.7[4.8] формула):

$$s = \mu_i * C_e * C_t * s_k = 0,8 * 1 * 1 * 1,8 = 1,44 \text{ кПа} = 1,44 \text{ кН/м}^2$$

$\mu_1=0,8$ (жазық шатыр - 0° уклон)- төбежабын формасына байланысты коэффициент (ҚР ЕЖ EN 1991-1-3:2003/2011 «Ғимараттарға әсер ету және жүктемелер: 1-3 бөлім. Қар жүктемелері. 1-4 бөлім. Жел жүктемелері» Б қосымшасы және 5.3кесте)

$C_e=1,0$ -қоршаған орта коэффициенті, қалыпты жағдай үшін(ҚР ЕЖ EN 1991- 1-3:2003/2011 «Ғимараттарға әсер ету және жүктемелер: 1-3 бөлім.Қар жүктемелері.» 5.1[5.1]-кестесі)

$C_t= 1,0$ - жылу коэффициенті (ҚР ЕЖ EN 1991-1-3:2003/2011 «Ғимараттарға әсер ету және жүктемелер: 1-3 бөлім.Қар жүктемелері.» 5.2.7 [5.2.(8)] C_t жылу коэффициентін жылу беруі жоғары ($>1 \text{ Вт/м}^2\text{К}$) жабынның қар жүктемелерін төмендету үшін пайдалану қажет, әсіресе, шыны шатырларға, себебі жылу берудің негізінен қардың еруі туындайды. Барлық басқа жағдайларда $C_t= 1,0$.)

$s_k=1,8 \text{ кПа}$ - топыраққа қар жүктемелерінің сипаттамалық мәні (ҚР ЕЖ EN 1991-1-3:2003/2011 «Ғимараттарға әсер ету және жүктемелер: 1-3 бөлім.Қар жүктемелері.» В-қосымшасы ,бірінші карта) Өскемен қаласы(ІІІ зона).

Ауа-райының желді жағдайындағы қардың жинақталуы (күртік қарлардың) шығыңқы бөлшектері бар (үстіңгі құрылыстардың), аэродинамикалық көлеңке аймағын түзетін, қардың жиналуы (жинақталуы) жүретін кез келген жабындарда түзілуі мүмкін.

Қар жүктемелерінің коэффициенттері және үйінділердің ұзақтығы (күртік қарлардың) квази-көлденең жабындарға анықтау керек (ҚР ЕЖ EN 1991-1-3:2003/2011 «Ғимараттарға әсер ету және жүктемелер: 1-3 бөлім.Қар жүктемелері.» 6.1[6.1]-формула):

$$\mu_1 = 0,8 \quad \mu_2 = \frac{\gamma * h}{s_k} = \frac{2 * 1}{1.5} = 1.33$$


$$s = \mu_i * C_e * C_t * s_k = 1.33 * 1 * 1 * 1,8 = 2,39 \text{ кПа} = 2,39 \text{ кН/м}^2$$

мұнда γ - қардың меншікті салмағы, осы есепке 2 кН/м^3 -ке тең деп қабылдауға рұқсат берілген(ҚР ЕЖ EN 1991-1-3:2003/2011 6.2-тарау)

2.4 Жел жүктемесін анықтау:

Тип - IV


Жел аймағы- III (Өскемен қаласы)



2.1 Сурет - Желдің соғу аймағы

Ғимарат жоспары: $97,3 \times 52,5$ (м) , биіктігі – 36,9 м.


$$h < b \rightarrow 36,9 < 52,5$$



2.2 Сурет - Ғимарат жоспары

Жел жағына сыртқы қысым (D аймағы):

Ғимаратты биіктігі бойынша сыртқы қысым үшін базалық биіктікке сәйкес аймақтарға бөлейік z_e 7.2.2(1) әдістеме бойынша егер $h = 36,9 \text{ м} < b = 52,5 \text{ м}$:



2.3 Сурет – Базалық 36,9 м биіктікке сәйкес келетін аймақтар

Z биіктіктегі ең жоғарғы жылдамдық басы (скоростной напор) (ҚР ЕЖ EN 1991-1-4:2003/2011 «Ғимараттарға әсер ету және жүктемелер: 1-4 бөлім. Жел жүктемелері» бойынша 4.7[4.8]-формула):

$$q_z(z) = [1 + 7l_{\vartheta}(z)] \frac{1}{2} \rho v_m^2(z) = c_e(z) * q_b \quad (2.1)$$

ρ - биіктіктен, температурадан және барометрлік қысымнан тәуелді ауа керек. Ұсынылады- $1,25 \text{ кг/м}^3$ (ҚР ЕЖ EN 1991-1-4:2003/2011 «Ғимараттарға әсер ету және жүктемелер: 1-4 бөлім. Жел жүктемелері» бойынша 4.5-тарау).

$q_b = 0,56 \text{ кПа}$ – желдің қысымы (ҚР ЕЖ EN 1991-1-4:2003/2011 бойынша Приложение Ж-карта)

$c_e(z) = 2,6$ –экспозиция коэффициенті (ҚР ЕЖ EN 1991-1-4:2003/2011 «Ғимараттарға әсер ету және жүктемелер: 1-4 бөлім. Жел жүктемелері» бойынша 4.5 [4.2] сурет) $h = 34,3 \text{ м}$ мен III аймақ жолағының түйіскен жерінен алынды.


Желдің қысымын анықтау (ҚР НТҚ 01-01-3.1(4.1)2017 «Ғимараттарға әсер ету және жүктемелер: 1-4 бөлім. Жел жүктемелері» бойынша 5.1 формула) :

$$w_e = q_p(z_i) * C_{pe} \quad (2.2)$$


C_{pe} -аэродинамикалық коэффициент (ҚР НТҚ 01-01-3.1(4.1)2017 «Ғимараттарға әсер ету және жүктемелер: 1-4 бөлім. Жел жүктемелері» бойынша 7 тараудан анықталады)

2.7 Кесте – D Жел қысымы w_e :

$z_e = 36,9 \text{ м}$	$c_e(36,9) = 2,6$	$w_e = 2,6 \cdot 0,56 \cdot 0,8 = 1,16 \text{ кН/м}^2$
------------------------	-------------------	--



2.4 Сурет – Жел қысымының эпюрасы



2.5 Сурет – Бүйірлік аймақтарға бөлу схемасы

2.8 Кесте – Жел қысымы w_e қысым аймақтары үшін:

A	$c_{pe} = -1.2$	$c_e(36,9) = 2,6$	$w_e = 2,6 \cdot 0,56 \cdot (-1.2) = -1,74 \text{ кН/м}^2$
B	$c_{pe} = -0.8$	$c_e(36,9) = 2,6$	$w_e = 2,6 \cdot 0,56 \cdot (-0,8) = -1,16 \text{ кН/м}^2$
C	$c_{pe} = -0.5$	$c_e(36,9) = 2,6$	$w_e = 2,6 \cdot 0,56 \cdot (-0,5) = -0,728 \text{ кН/м}^2$
E	$c_{pe} = -0.5$	$c_e(36,9) = 2,6$	$w_e = 2,6 \cdot 0,56 \cdot (-0,5) = -0,728 \text{ кН/м}^2$

2.9 Кесте – Ғимарат жоспарындағы тікбұрышты тік қабырғаларға арналған сыртқы қысым коэффициенттері:

Зона	A		B		C		D		E	
h/d	$c_{pe,10}$	$c_{pe,1}$	$c_{pe,10}$	$c_{pe,1}$	$c_{pe,10}$	$c_{pe,1}$	$c_{pe,10}$	$c_{pe,1}$	$c_{pe,10}$	$c_{pe,1}$
5	-1,2	-1,4	-0,8	-1,1	-0,5		+0,8	+1,0	-0,7	
1	-1,2	-1,4	-0,8	-1,1	-0,5		+0,8	+1,0	-0,5	
$\leq 0,25$	-1,2	-1,4	-0,8	-1,1	-0,5		+0,7	+1,0	-0,5	

Желден түсетін жүктемелер жабын деңгейінде қолданылады:

1 қабат деңгейінде: біз еденнің жартысын ескереміз (1800 мм) + жер деңгейінен жоғары іргетас (1200мм). 1 қабатқа есептік жолақ – 3000 мм.

Типтік қабаттар үшін есеп жолағы – 3600 мм.

Шатыр деңгейінде – 1800 мм.

2.10 Кесте – Жабын деңгейлеріне жел жүктемесін жинау

	1 Қабат
<i>D</i>	$1,16 \cdot 4,5 = 5,22 \text{ кН/м}$
<i>A</i>	$-1,74 \cdot 4,5 = -7,83 \text{ кН/м}$
<i>B</i>	$-1,16 \cdot 4,5 = -5,22 \text{ кН/м}$
<i>C</i>	$-0,728 \cdot 4,5 = -3,276 \text{ кН/м}$
<i>E</i>	$-0,728 \cdot 4,5 = -3,276 \text{ кН/м}$
	Типтік қабат 2-9
<i>D</i>	$1,16 \cdot 3,6 = 4.176 \text{ кН/м}$
<i>A</i>	$-1,74 \cdot 3,6 = -6.26 \text{ кН/м}$
<i>B</i>	$-1,16 \cdot 3,6 = -4.17 \text{ кН/м}$
<i>C</i>	$-0,728 \cdot 3,6 = -2.62 \text{ кН/м}$
<i>E</i>	$-0,728 \cdot 3,6 = -2,62 \text{ кН/м}$
	Шатыр
<i>D</i>	$1,16 \cdot 1.8 = 2.08 \text{ кН/м}$
<i>A</i>	$-1,74 \cdot 1.8 = -3.13 \text{ кН/м}$
<i>B</i>	$-1,16 \cdot 1.8 = -1.08 \text{ кН/м}$
<i>C</i>	$-0,728 \cdot 1.8 = -1.31 \text{ кН/м}$
<i>E</i>	$-0,728 \cdot 1.8 = -1,31 \text{ кН/м}$

2.5 Сейсмикалық жүктеме

Құрылыс орны: Өскемен қаласы

Ғимараттар мен құрылыстардың мақсаты бойынша жауапкершілік класы: “СП РК 2.03-30-2017 – Сейсмика” нормативінің 155 бетіндегі 7.2-кесте бойынша II класқа жатады.

Ғимараттардың қабаттылығы бойынша жауапкершілік класы: “СП РК 2.03-30-2017 – Сейсмика” 7.3-кесте бойынша III класқа(пайдаланылуы ішіндегі адамдардың көп санының ұзақ жиналуына байланысты ғимараттар) жатады. Сейсмикалық күштер үшін түзету коэффициенті: “СП РК 2.03-30-2017 – Сейсмика” нормативінің 7.-кесте бойынша келесі формуламен анықталады:

1)Көлденең бағытта:

$$\gamma_{1h} = 1.25 + 0.045 \cdot (n - 5) = 1.25 + 0.045 \cdot (9 - 5) = 1.43$$

2)Тік бағытта:

$$\gamma_{1h} = 1.25 + 0.02 \cdot (n - 5) = 1.25 + 0.02 \cdot (9 - 5) = 1.33$$

Үдеу: 2.03 м/с^2 (“СП РК 2.03-30-2017 – Сейсмика” Е қосымшасынан алынған мәннің g мәніне көбейтіндісіне тең).

Топырақ типі: III (“СП РК 2.03-30-2017 – Сейсмика” Кесте 6.1 - сейсмикалық қасиеттері бойынша топырақ жағдайларының түрлері)

Тип спектра: I

Жай-күй коэффициенті: 4.0 (“СП РК 2.03-30-2017 – Сейсмика” 7.8-кесте-биіктігі тұрақты ғимараттар үшін жай-күй коэффициентінің мәндері кестесінен рамалық ғимараттар, бағандар мен тіректердің барлық қатты түйіспелері бар кеңістіктік рамалары бар ғимараттар үшін).

Аймақ факторы(фактор региона): әр түрлі елдердегі сейсмикалық әсердің ерекшелігін ескереді; әдетте 1-ге тең;

Үдеу спектрінің төменгі шекара факторы: (“СП РК 2.03-30-2017 – Сейсмика” нормативі бойынша 0.2-ге тең (158-бет)).

Негізгі координаттар жүйесіндегі сейсмикалық әсердің бағыттаушы косинустары $CX=1$

2.6 Сурет – X бағыты бойынша динамикалық жүктеме кестесі

2.7 Сурет – Y бағыты бойынша динамикалық жүктеме кестесі

Сейсмическое воздействие(EuroCode EN 1998-1:2004) X

Поправочный коэфф. для сейсмических сил	1.33
Ускорение	2.0300 $\frac{m}{c^2}$
Тип спектра	Тип 1
Тип грунта	G = 3
Фактор поведения	4.00
Фактор региона	1.00
Фактор нижней границы спектра	0.20
Направляющие косинусы равнодействующей сейсм. воздейств. в ОСК	
CX	0.0000
CY	0.0000
CZ	1.0000
CX*CX + CY*CY + CZ*CZ = 1	

График ✓ ✗ ?

2.8 Сурет – Z бағыты бойынша динамикалық жүктеме кестесі

Әр сейсмикалық жүктеме үшін статикалық жүктемелерді есепке алу кестесін құрамыз.

Сейсмикалық жүктемені ескеру үшін СП РК EN 1990:2002+A1:2005/2011 күш түсетін конструкцияғыны жобалау негіздері еврокодының (6.12b) формуласын колданамыз.

$$\sum_{j \geq 1} G_{k,j} + P + A_{Ed} + \sum_{j \geq 1} \psi_{2,i} Q_{k,i} \quad (2.3)$$

мұндағы:- $G_{k,j}$ - тұрақты жүктемелер;

- P - алдын ала кернеу әсерінің анықтаушы репрезентативті мәні, ол біздің жағдай үшін берілмегендіктен 0-ге тең;

- A_{Ed} - сейсмикалық әсердің есептік мәні


- $Q_{k,i}$ – ілеспелі уақытша әсер етудің сипаттамалық мәні, біздің жағдай үшін тек қар жүктемесі мен ғимарат категориясы бойынша уақытша жүктеме әсер етеді;

- $\psi_{2,i}$ – айнымалы әсердің комбинациялық мәніне коэффициент; Оның мәні:

А класты ғимараттар үшін $\psi_2 = 0.3$; (0-ші Еврокод. 42 бет. Кесте A1.1);

Қар жүктемесі үшін $\psi_2 = 0.2$; (НТП РК 01-01-3.1-2017. 7 бет. Кесте - 4.1).

Жел жүктемесі үшін мәні 0-ге тең.



2.9 Сурет – Лира-САПР бағдарламасындағы модель

2.11 Кесте - Қатаңдық кестесі

Қатаңдық түрі	Атауы	Өлшемдері
1	Пластина Н 120 (Фундаментная плита)	$E=3.1e+006 \text{ кН}\text{м}^2$, $H = 120\text{см}$, $V=0,2$, $R_0=25 \text{ кН}\text{м}^3$
2	Пластина Н 26 (Плиты)	$E=3.1e+006 \text{ кН}\text{м}^2$, $H= 26 \text{ см}$, $V=0,2$, $R_0=25 \text{ кН}\text{м}^3$
3	Пластина Н 50 (Стены)	$E=3.1e+006 \text{ кН}\text{м}^2$, $H= 50 \text{ см}$, $V=0,2$, $R_0=25 \text{ кН}\text{м}^3$
4	Брус 50 х 50 (Колонны)	$E=3.1e+006 \text{ кН}\text{м}^2$, $H= 50 \text{ см}$, $B= 50 \text{ см}$, $V=0,2$, $R_0=25 \text{ кН}\text{м}^3$
5	Брус 40 х 60 (Ригель по буквенным осям)	$E=3.1e+006 \text{ кН}\text{м}^2$, $H= 40 \text{ см}$, $B= 60 \text{ см}$, $V=0,2$, $R_0=25 \text{ кН}\text{м}^3$
6	Брус 40 х 50 (Ригель по цифровым осям)	$E=3.1e+006 \text{ кН}\text{м}^2$, $H= 40 \text{ см}$, $B= 50 \text{ см}$, $V=0,2$, $R_0=25 \text{ кН}\text{м}^3$
7	Пластина Н 21 (Лестницы)	$E=3.1e+006 \text{ кН}\text{м}^2$, $H=21 \text{ см}$, $V=0,2$, $R_0=25 \text{ кН}\text{м}^3$

2.6 Конструкцияны арматуралау

2.6.1 Арқалықтың есебі

Берілгені:

Арқалықтың өлшемдері: $b = 500$ мм, $h = 600$ мм, $c_1 = 30$ мм.

Бетон класы C25/30, $f_{ck} = 25$ МПа, $\gamma_c = 1.5$, $\alpha_{cc} = 0.85$.

Темір бетонды конструкцияның қысу(на сжатие) жобалық қарсылық (расчетное сопротивление) күшін анықтаймыз:

$$f_{cd} = \frac{\alpha_{cc} \cdot f_{ck}}{\gamma_c}, \quad (2.4)$$
$$f_{cd} = \frac{0.85 \cdot 25}{1.5} = 14,17 \text{ Мпа}$$

мұндағы α_{cc} – сығылу және қолайсыз салдар нәтижесіндегі ұзақ процестердің беріктікке әсерін ескеретін коэффициент, $\alpha_{cc}=0.85$;

f_{ck} – бетонның сығылуға (на сжатие) беріктігі, $f_{ck} = 25$ Мпа;

γ_c – бетон үшін жеке қауіпсіздік коэффициенті, $\gamma_c = 1.5$.

Кернеусіз арматураның есептік кедергісіу анықтаймыз:

$$f_{yd} = \frac{f_{yk}}{\gamma_s}, \quad (2.5)$$

$$f_{yd} = \frac{500}{1.15} \approx 435 \text{ Мпа}$$

мұндағы f_{yk} – арматура аққыштығының тән шегі, $f_{yk} = 500$ МПа;

γ_s – бетон үшін жеке қауіпсіздік коэффициенті, $\gamma_c = 1.15$.

Шешуі:

Ортаңғы аралықтағы қимада әрекет ететін иілу моменті:

$$M_{Eds} = M_{Ed} - N_{Ed} \cdot z_{s1} = 78 \text{ кН} \cdot \text{м}$$

Арқалық бойынан әсер ететін бойлық күш жоқ. Өлшемсіз байланыстырушы коэффициентті қолдана отырып, иілетін(изгибающих) элементтерді есептейміз:

$$k_d = \frac{d}{\sqrt{\frac{M_{Eds}}{b}}}, \quad (2.6)$$

$$k_d = \frac{57}{\sqrt{\frac{78}{0.35}}} \approx 4.7$$

мұндағы $d=h-c_1=60-3=57$ см.

НТП РК 02-01-1.1-2011-ның 194 бетіндегі В3 кестесін қолдана отырып, арматура үшін өлшемсіз байланыстырушы коэффициентін анықтаймыз:

$$k_d = 4.7 \text{ болса, } k_{s1} = 2.55, k_{s2} = 0.4,$$

Созылған арматураның қажетті ауданын анықтау:

$$A_{s1} = k_{s1} \cdot \frac{M_{Eds}}{d} = 2.55 \cdot \frac{57}{57} = 3.01 \text{ см}^2$$

Қабылдаймыз: 2 Ø 14 S500 ($A_{s1} = 3.08 \text{ см}^2$).

$$A_{s2} = k_{s2} \cdot \frac{M_{Eds}}{d} = 0.4 \cdot \frac{57}{57} \approx 0.48 \text{ см}^2$$

Қабылдаймыз: 2 Ø 12 S500 ($A_{s1} = 2.26 \text{ см}^2$).

Тірек маңындағы қимада әрекет ететін иілу моменті:

$$M_{Eds} = M_{Ed} - N_{Ed} \cdot z_{s1} = -231 \text{ кН} \cdot \text{м}$$

Арқалық бойынан әсер ететін бойлық күш жоқ. Өлшемсіз байланыстырушы коэффициентті қолдана отырып, иілетін(изгибающих) элементтерді есептейміз:

$$k_d = \frac{d}{\sqrt{\frac{M_{Eds}}{b}}} = \frac{57}{\sqrt{\frac{231}{0.5}}} \approx 4.19$$

$$k_d = 4.19 \text{ болса, } k_{s1} = 2.55, k_{s2} = 0.4$$

Созылған арматураның қажетті ауданын анықтау:

$$A_{s1} = k_{s1} \cdot \frac{M_{Eds}}{d} = 2.55 \cdot \frac{231}{57} = 10.33 \text{ см}^2$$

Қабылдаймыз: 2 Ø 28 S500 ($A_{s1} = 12.32 \text{ см}^2$.)

$$A_{s2} = k_{s2} \cdot \frac{M_{Eds}}{d} = 0.4 \cdot \frac{231}{57} \approx 1.62 \text{ см}^2$$

Қабылдаймыз: 2 Ø 12 S500 ($A_{s1} = 2.26 \text{ см}^2$).

Көлденең арматураны анықтау.

Көлденең арматураны орнату қажет учаскенің ұзындығы есептеу, көлденең күштердің диаграммасымен анықталады. Ол үшін бетон қабылдай алатын көлденең күшті анықтаймыз:

$$V_{Rd,c} = \left[0,12 \cdot k \cdot (100 \cdot \rho_l \cdot f_{ck})^{\frac{1}{3}} \right] \cdot b_w \cdot d, \quad (2.7)$$

мұндағы ρ_l – бойлық арматуралау коэффициенті;

$$k = 1 + \sqrt{\frac{200}{d}} = 1 + \sqrt{\frac{200}{570}} = 1,65 \leq 2;$$

$$\rho_l = \frac{A_s}{b_w \cdot d} = \frac{982}{500 \cdot 570} = 0,01$$

$$V_{Rd,c} = \left[0,12 \cdot 1,65 \cdot (100 \cdot 0,01 \cdot 25)^{\frac{1}{3}} \right] \cdot 500 \cdot 570 = 91,2 \text{ кН}$$

Бірақ мына мәннен кем емес:

$$V_{Rd,c,min} = \left[0,035 \cdot k^{\frac{3}{2}} \cdot f_{ck}^{\frac{1}{2}} \right] \cdot b_w \cdot d, \quad (2.8)$$

$$V_{Rd,c,min} = \left[0,035 \cdot 1,65^{\frac{3}{2}} \cdot 25^{\frac{1}{2}} \right] \cdot 350 \cdot 470 = 40,2 \text{ кН}$$

Қаралатын тірек жанындағы аймақта:

$$V_{Rd,c,min} = 40,2 \text{ кН} > V_{Ed} = 37 \text{ кН}$$

Қиманың беріктігі қамтамасыз етілген, көлденең арматураны конструктивті орналастырамыз.

Көлденең арматураның максималды қадамы келесі мәннен аспауы керек:

$$S_{l,max} = 0,75 \cdot d \cdot (1 + \cot \alpha) = 0,75 \cdot 570 \cdot (1 + \cot 90^\circ) = 352 \text{ мм}$$

Көлденең арматураның қадамы $S_l = 300 \text{ мм}$ қабылдаймыз.

2.6.2 Көлденең арматураны есептеу

Көлденең арматураны орнату қажет учаскенің ұзындығы есептеу, көлденең күштердің диаграммасымен анықталады. Ол үшін бетон қабылдай

алатын көлденең күшті анықтаймыз (СН РК EN 1992-1-1:2004/2011 бойынша 6.2а формуласымен анықтаймыз):

$$V_{Rd,c} = \left[0,12 \cdot k \cdot (100 \cdot \rho_l \cdot f_{ck})^{\frac{1}{3}} \right] \cdot b_w \cdot d, \quad (2.9)$$

мұндағы ρ_l – бойлық арматуралау коэффициенті;

$$0,12 - C_{Rd,c} = \frac{0,18}{\gamma_c} = \frac{0,18}{1,5} = 0,12;$$

k – коэффициент;

f_{ck} – бетонның сығылуы сипаттамалық кедергісі;

b_w – арқалық ені;

d – көлденең қиманың тиімді биіктігі.

$$k = 1 + \sqrt{\frac{200}{d}} = 1 + \sqrt{\frac{200}{230}} = 1,9 \leq 2;$$

$$\rho_l = \frac{A_s}{b_w \cdot d} = \frac{1232}{500 \cdot 570} = 0,008$$

$$V_{Rd,c} = \left[0,12 \cdot 1,9 \cdot (100 \cdot 0,008 \cdot 25)^{\frac{1}{3}} \right] \cdot 500 \cdot 570 = 71 \text{ кН}$$

Бірақ мына мәннен кем емес:

$$V_{Rd,c,min} = \left[0,035 \cdot k^{\frac{3}{2}} \cdot f_{ck}^{\frac{1}{2}} \right] \cdot b_w \cdot d = \left[0,035 \cdot 1,9^{\frac{3}{2}} \cdot 25^{\frac{1}{2}} \right] \cdot 500 \cdot 570 = 52 \text{ кН}$$

Қаралатын тірек жанындағы аймақта:

$$V_{Rd,c} = 71 \text{ кН} < V_{Ed} = 238 \text{ кН}$$

Есептелген көлденең арматураны орнату керек учаскенің ұзындығын анықтаймыз (тірек осінен есептегенде):

$$a_{w1} = \frac{V_{Ed} - V_{Rd,c}}{g + q} = \frac{238 - 71}{3,5 + 7,6} = 1,3 \text{ м}$$

мұндағы g – тұрақты жүктеме;

q – уақытша жүктеме.

Көлденең арматурасы бар қима қабылдайтын есептік көлденең күш бұл қимадағы көлденең күшке тең:

$$V_{Rd,sy} = V_{Ed} = 238 \text{ кН}$$

Көлденең арматураның қадамын қабылдаймыз $s=150$ мм:

$$A_{sw1} = \frac{V_{Ed}}{f_{ywd}} \cdot \frac{s}{0,9 \cdot d \cdot \cot\theta} = \frac{238 \cdot 10^3}{167} \cdot \frac{150}{0,9 \cdot 230 \cdot \cot 40^\circ} = 0,675 \text{ см}^2$$

Қабылдаймыз: 10 диаметрі S240 ($A_{s1} = 0,789 \text{ см}^2$)

мұндағы f_{ywd} – (Кесте 6.4 НТП РК 02-01-1.1-2011)

Келесі шарттардың орындалуын тексереміз:

$$\frac{A_{sw} \cdot f_{sw}}{b_w \cdot s} \leq 0,5 \cdot v \cdot f_{cd}, \quad (2.10)$$

мұндағы v – созылу жағдайында бетонның сығылу беріктігінің төмендеуін ескеретін және ауыр бетон үшін тең коэффициент;

f_{sw} – Көлденең арматураның қадамымен біз оның көлденең қимасын анықтаймыз осы әдіспен көлденең арматураның саны ескеріліп, соңғы формула олар ондағы кернеулер кірістілік шегіне жетеді деген шартты қабылдайды деп есептейді, $f_{sw} = f_{ywd}$

$$v = 0,6 \left(1 - \frac{f_{ck}}{250} \right) = 0,6 \cdot \left(1 - \frac{25}{250} \right) = 0,552 \geq 5$$

$$\frac{A_{sw} \cdot f_{sw}}{b_w \cdot s} = \frac{236 \cdot 167}{500 \cdot 100} = 1,57 \text{ МПа};$$

$$0,5 \cdot v \cdot f_{cd} = 0,5 \cdot 0,552 \cdot 14,1 = 3,12 \text{ МПа}$$

$$1,57 \text{ МПа} \leq 3,12 \text{ МПа}$$

Келесі шарттардың орындалуын тексереміз:

$$V_{Ed} \leq V_{Rd,max} = \frac{v \cdot f_{cd} \cdot b_w \cdot d}{\cot 40^\circ + \tan 40^\circ} = \frac{0,552 \cdot 14,1 \cdot 500 \cdot 570}{1,192 + 0,839} = 434,95 \text{ кН}$$

$$238 \text{ кН} \leq 434,95 \text{ кН}$$

Шарттар орындалады.

Аралыққа көлденең арматураны үшбұрыштың ұқсастық белгісінен аламыз орта аралықта:

$$V_{Rd,sy} = V_{Ed} = 63,96 \text{ кН}$$

Көлденең арматураның қадамын қабылдаймыз $s=200 \text{ мм}$:

$$A_{sw2} = \frac{V_{Ed}}{f_{ywd}} \cdot \frac{s}{0,9 \cdot d \cdot \cot \theta} = \frac{63,96 \cdot 10^3}{167} \cdot \frac{200}{0,9 \cdot 570 \cdot \cot 40^\circ} = 0.579 \text{ мм}^2$$

Қабылдаймыз: 10 диаметрі S240 ($A_{s1} = 0.789 \text{ мм}^2$)

2.6.3 Ұстынды арматуралау

Берілгені:

Арқалықтың өлшемдері: $b = 500 \text{ мм}$, $h = 500 \text{ мм}$, $c_1 = 3 \text{ мм}$.

Бетон класы C25/30, $f_{ck} = 25 \text{ МПа}$, $\gamma_c = 1.5$, $\alpha_{cc} = 0.85$, $E_m = 31 \text{ ГПа}$, $I = 2.1 \cdot 10^9 \text{ мм}^4$

$$f_{cd} = \frac{\alpha_{cc} \cdot f_{ck}}{\gamma_c} = \frac{0,85 \cdot 25}{1,5} = 14.16 \text{ МПа},$$

Арматура класы S500

$$f_{yd} = \frac{f_{yk}}{\gamma_s} = \frac{500}{1,15} \approx 435 \text{ МПа}$$

Иілу моменті:

$$N_{Ed} = -9138 \text{ кН} \cdot \text{м},$$

$$M_{Ed} = 467 \text{ кН} \cdot \text{м}.$$

Ұстынның есептік ұзындығын, ұстынның икемділігін, ұстындарға арналған иілімділік критерийі және ұстындар арматуралырының бойлық қималарының іріктелімдерін анықтаймыз.

Ұстынның есептік ұзындығын анықтау

Бекіту талаптарына сәйкес 6.7-суретті қараңыз ҚР ҚН EN 1992-1-1:2004/2011.

$$l_0 = 0.5l = 0.5 \cdot 3 = 1,5 \text{ м}$$

Элементтің еркін ұзындығы тіректің үстінгі және астыңғы бөліктеріндегі босатпаларды ескере отырып ҚР ҚН EN 1992-1-1:2004/2011 5.8.3.2(3)-т. (5.15) формуласы бойынша анықтаймыз:

